

Ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, доцент А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Ономастика бөлімінің бас ғылыми қызметкері Рысберген Қыздархан Құрмашқызының «8D02310– Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған Базарбеков Бакберди Мураталиевичтің «Қазақ топонимдері мен этномәдени атауларының когнитивтік сипаты» (Акселу Сейдімбек шығармалары бойынша) тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысына жазбаша пікірі

p/c №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертант Базарбеков Бакберди Мураталиевичтің Қазақ топонимдері мен этномәдени атауларының когнитивтік сипаты» (Акселу Сейдімбек шығармалары бойынша) тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы лингвистиканың өзекті бағыттарына және Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы «8D02310 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған.
	1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) ; 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).	1) Диссертацияда мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалғандығы туралы ақпарат берілмеген. 2) Диссертацияда басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалғандығы жайлы мәлімет көрсетілмеген. 3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына, соның ішінде «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді.	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның	Зертеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады, маңыздылығы зор. Ғалым-каламгер Акселу Сейдімбековтың ғылыми еңбектеріндегі топонимдер мен

	<p>маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>этномәдени атаулардың когнитивтік сипатын «<i>Ұлы Дала – қазақ әлемі – ұлттық сана – этномәдени найымдау</i>» жинағында сабақтастықта зерттеу диссертациялық жұмыстың негізгі критерийлерінің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде А.Сейдімбектің ұлттық мүддеге негізделген таным мен ұғымды жеке топонимикалық бірліктер арқылы суреттеп көрсетуі, сонымен қатар дүниенің тілдік бейнесін когнитивтік арнада, тұтастықта қарастыруы тақырыптың өзектілігін көрсетеді.</p> <p>Бұл тақырыптың өзектілігі, сондай-ақ, ғылым мен білім үшін маңыздылығы мына факторлармен шартталады: қазіргі жаһандану үдерісі күшейген кезеңде ұлттық сәйкесімділікті (идентичность) нығайту, жас ұрпақты ұлттық құндылықтарды бағалауға, патриотизмге тәрбиелеу қажеттіліктерімен тікелей байланысты болып отыр.</p>
3.	<p>Өзі жазу принципі</p>	<p>Зерттеу жұмысында академиялық жазылымға қойылатын талаптар сақталған. Диссертация авторының тақырыпты түсініп, жұмыс мазмұнын ашатын теорияларға талдау жасауда және оны практикалық тұрғыда негіздеуде ой желісінің логикалық сабақтастығын сақтауы, екіұшты ой тудыратын құрылымдарды қолданбауы автордың жұмысты өзі жазғандығын көрсетеді және оның жазылу деңгейі жоғары деп санауға негіз бола алады.</p>
4.	<p>Ішкі бірлік принципі</p>	<p>Зерттеу тақырыбының өзектілігі тиісінше негізделген. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігі диссертацияның құрылымдық сипаты мен әр тараудың соңында жасалған түйіннен көрінеді. Диссертация антропоэктік парадигмаларды арқау ете отырып, ізденуші қаламгер- ғалымның еңбектеріндегі топонимдер мен этномәдени атауларды когнитивтік бағытта қарастыра отырып, этнос саласының тереңде жатқан ментальдік құрылымдарын зерттеген, категориялаған, репрезенттеген, салыстыру арқылы тілдік, лингвоконцептологиялық заңдылықтарды көрсете отырып, адамзатқа тән адами құндылықтар жүйесін айқындай білген. Аксеулеу Сейдімбектің ғылыми еңбектерінің антропоэктік парадигмада зерттелуі когнитивтік лингвистика мен лингвоконцептология арналарында қарастырылған топонимдер мен этномәдени атаулардың ерекше құрылымы болып табылады. Дүниенің топонимиялық бейнесін тіл арқылы танудағы орны мен маңызын ескерсек, тілдік бірліктердің когнитивтік және этномәдени сипаттарын айқындау тақырыптың өзектілігін арттыра түседі.</p>

	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p><b>1) айқындайды;</b></p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация тақырыбының атауы жұмыстың мазмұнында нақты көрініс тапқан, толық айқындайды. Өйткені тақырып атауы Зерттеу жұмысы кіріспе, екі тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әлебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу жұмысының құрылымы, мазмұны, тілі, ғылыми әлебиеттерді пайдалану дәрежесі, көлемі, талап деңгейіндегі нәтижелері диссертацияға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Б.М.Базарбековтың диссертациялық жұмысы бастан аяқ автордың ғылыми ізденісінің нәтижесі ретінде айтарлықтай жаңалықтары бар терең де күрделі мазмұндағы теориялық еңбек екендігі күмән тудырмайды.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Жұмыстың негізгі мақсаты – ғалым-қаламгер А. Сейдімбек танымындағы топонимдік концептілерді дүниенің тілдік бейнесіндегі этномәдени ерекшеліктер ретінде қарастырып, қазақ этносы әлемінің «ұлт – сана – тіл» тұтастығындағы орнын анықтау. Осы мақсатқа жету барысында алға қойған міндеттері толық орындалған.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толықтай өзара байланысқан;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімі бір-бірімен логикалық байланыста құрылған. Өр бөлімнен кейін берілген түйіндер бір-бірімен сабақтасып, жұмыстың жалпы қорытындысын негіздейді. Соның нәтижесінде диссертацияның барлық бөліміндегі ой-түйіндері, қорғауға ұсынылған тұжырымдары мен нәтижелері ішкі бірлікте, тұтастықта берілген, толықтай өзара байланысқан.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі А.Сейдімбектің ғылыми еңбектерінің бүгінгі таңда жаңа антропоцентристік парадигмада зерттелуі когнитивтік лингвистика мен лингвоцентристік парадигмада зерттелуі қарастырылған топонимдер мен этномәдени атаулар ұлттық рухани әлемді суреттейтін ерекше құрылым. Әлемді тіл арқылы танудағы орны мен маңызына орай тілдік бірліктердің когнитивтік және этномәдени сипаттарын айқындау жүйесі тұрғысынан зерттеу арқылы топонимика ғылымының дауына елеулі үлес қосуымен негізделді. Диссертант сілтемелерді келтіре отырып, өз пайымдаулары мен көзқарасымен дәйектеген, яғни сыни талдау бар. Мысалы, (дисс. қолжазбасынан үзінді, 91 бет): Сонымен қатар, қаламгер-ғалым генеалогиялық деректер неғұрлым байырғы болған сайын, соғұрлым тарихи нақтылығы көмескіленіп,</p>

	<p>болжалдық сипат алатындығына төмендегідей мысалдар келтіреді: «Абылайхан заманында», «Тәуке хан тусында», «Қорқыт дүниеге келерде» т.б. [37,б.200]. Бұл жерде Абылай, Тәуке, Қорқыт тарихи тұлғалар өздерінің тарихи орындарымен қоса «уақыт пен кеңістік» межесінің субъектілері ретінде де танылып отырады.</p>		
<p>5. Ғылыми жанашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның екі тарауында қорғауға ұсынылатын тұжырымдардың мазмұны ашылған, тарауларының арасында ғылыми байланыс пен мазмұндық, мағыналық үйлесім бар. Б.М.Базарбековтың диссертациялық зерттеу жұмысы бойынша алынған ғылыми нәтижелері мен жасаған қорытынды, тұжырымдарының жаңалық дәрежесі нақты. Мәселен, когнитивтік лингвистика, концептілік өріс, ғаламның тілдік бейнесі ұғымдарына ғылыми тұрғыдан тоқталып, қазіргі кездегі концептуалдық білім аясында зерттеліп жүрген ғалымдардың түрлі пікірлерін қолдана отырып, Ақселеу Сейдімбек еңбектерімен сабақтастықта зерттеген. Сондай-ақ қаламгер - ғалым еңбектеріндегі ұлттық топонимиядан, халықтың этнотанымдық өмір тәжірибесінен, тұрмыс жайы мен қоғамдық өмірінен мағұлмат беретін <i>Бетпақдала, Айғырушұқан, Тайатқан, Тізебүккен, Шажасағай, Қоңырқұлжа, Сарықұлжа, Майтөккен, Қатынақ, Етекжасайған, Жауыртау, Тоқырауын – Жәміш, Қызылкеніш</i> т.б. атаулардағы халықтық этимологияның, тарихи аңыздардың, этномәдени ақпараттардың үзінгі ғылыми нәтиже ретінде тұжырымдай білген. Диссертанттың ұлттық когнитивтік базадағы құндылықтар жүйесін қаламгер-ғалымның танымдық жүйесімен сабақтастықта, лингвокогнитивтік әдісті қолдана отырып зерттеуі жұмыстың жаналығын айқындайды.</p> <p>А.Сейдімбек шығармаларындағы «уақыт пен кеңістік» межесіне ден қойғанда, көшпелі қазақтың таным-түсінігін тікелей өмірлік тәжірибесімен сабақтастыра отырып, <i>экологиялық уақыт, ситуациялық уақыт, тарихи уақыт</i> деп категориялауы этномәдени атаулардың тілдік тұлғамен сабақтас екенін дәлелдей түседі.</p> <p>Үнгір ағаулары (спелеонимдер) осы зерттеу аясында қазақ ономастикасында алғаш рет зерттеліп отырғандығы жұмыстың ғылыми жанашылдығын айқындай түседі.</p> <p>Жалпы алғанда Б.М.Базарбековтың диссертациялық зерттеуінде берілген тұжырымдардың жаңалық деңгейі жоғары, дәйекті деп есептеуге болады.</p>	

	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Зерттеу барысында докторант бірқатар тың ғылыми нәтижелерге қол жеткізген, олар төмендегідей:</p> <p>- Акселеу Сейдімбек еңбектеріндегі топонимдер мен этномәдени атаулар алғаш рет когнитивтік лингвистика мен лингвоконцептология тұрғысынан зерттелді. Ғалым еңбектерінде ұлттық когнитивтік базасынан орын алатын топонимдер мен этномәдени атаулар халық танымындағы стереотиптер, халықтың дәстүрлі мәдени түсініктері мен архетиптер жүйесін түсіндіретін (интерпретациялайтын) тілдік бірліктер болып табылады;</p> <p>– ғалым еңбектерін зерттеулердегі дүниенің топонимдік бейнесі тілдік және этномәдени, когнитивтік тұрғыдан жүйеленген. Қоршаған ортаны танаудағы (дүниенің топонимиялық бейнесін суреттеуде) докторант каламгер – ғалымның топонимиялық материалдарын үш қағидаға (принцип) бөліп қарастырған. Олар: бағыт – бағдарлық (маршруттық) модель (немесе қағида), шеңберлік (радиальдік) модель (қағида), тұрмыс- тіршіліктік кеңістік моделі (қағидасы);</p> <p>– лингвоконцептология бағытына негіздей отырып мәдени маңыздылыққа ие болған концептілердің жанғыру, вербалдану үлгісін, сонымен қатар, ассоциациялық, символдық, бейнелік үлгілер арқылы мәдени кодтарды мазмұнына қарай ажыратып жіктеген;</p> <p>– рухани мәдениеттегі моральдық – этикалық қағидастарды халықтың рухы, ақыл – ой әлеміндегі жетістігі, ұрпақтан – ұрпаққа жеткізіліп отырылатын кумулятивтік күдіретті күші ретінде қарастырған. Осыған орай, қазақ халқының рухани мәдениетіндегі моральдық – этикалық қалыптары (нормалары), ырым – тыйымдары, ежелгі замандағы өмір тіршілігі мен бүгінгі болмыс болашағы жазушының еңбектері негізінде репрезенттелген.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Иә, жаңа және негізделген деп санауға болады.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеу бойынша жасалған негізгі қорытындылар ғылыми-фактологиялық деректермен негізделген. Диссертацияда айтылған пікірлер дереккөздерден алынған нақты мысалдармен дәйектелген. Жұмыстың құрылымы, мақсаты мен міндеттерінің мол тілдік деректердің ғылыми-сипаттамалық талдануы, мазмұнына сай қорғауға ұсынылған тұжырымдары, зерттеу қорытындысы толық негізделген. Қаламгер-ғалым А. Сейдімбектің «Ұлы Дала» кеңістігіндегі топонимдері мен этномәдени атауларының тілдік танымдық қырлары, мәдени семантикасы кеңінен талданып көрсетілді. Зерттеу нәтижесінде А. Сейдімбек еңбектеріндегі топонимдер мен этномәдени атаулардың ұлттық когнитивтік базасының өзегінен орын алатын халықтың танымдығы топонимдік ақпарат пен көшпелілер әлеміндегі этномәдени атаулардың тілдік концептуалдану ерекшеліктері көрсетілді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидааттар	<p>Әр қағидаат бойынша келесі сурақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидаат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) дәлелденді;</li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді;</li> <li>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</li> </ol> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ;</li> <li>3) бұл тұжырымда ереженің тривиальды екенін тексеру мүмкін емес.</li> </ol> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ;</li> </ol>	<p>Әр қағидаат бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қаламгер-ғалым қарастырған ұлттық-мәдени кеңістіктегі топонимдердің прецеденттік бейнесінде белгілі бір тілдік қауымдастыққа тән түсініктер мен білімдер жиынтығы этнос танымдығында көрініс тауып, сақталған;</li> <li>7.1 дәлелденді, 7.2 тривиальды емес, 7.3 жаңа, 7.4 қолдану деңгейі кең, 7.5 ия;</li> <li>- автор дүниенің (ғаламын) топонимиялық бейнесін үш түрлі қағидада (принцип) қарастырғанын байқауға болады. Оның алғашқысы – бағыт-бағдарлық (маршруттық) модель, екіншісі – шеңберлік (радиальдік) модель, үшіншісі – тұрмыс-тіршіліктік кеңістік моделі;</li> <li>7.1 дәлелденді, 7.2 тривиальды емес, 7.3 жаңа, 7.4 қолдану деңгейі кең, 7.5 ия;</li> <li>- Сарыарқа топонимінде топонимдік концептіге тән топографиялық фреймдермен қатар, қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті, фольклоры мен этнографиясы, тұрмыстық ерекшеліктері мен ұлттық дүниетанымы, ежелгі түсініктері мен іргелі құндылықтар жүйесі ғалым еңбектерінде айқын көрініс тапқан;</li> <li>7.1 дәлелденді, 7.2 тривиальды емес, 7.3 жаңа, 7.4 қолдану деңгейі кең, 7.5 ия;</li> <li>- қаламгер-ғалым қарастырған спелеонимдер (үңгір атаулары) өзінің кумулятивтік қызметі негізінде суггестивалық сипатта өзекті этномәдени концептілердің ментальді құрылымдарын құрайды. Топонимдер кеңістікте</li> </ul>

	<p>бағдарды сілтейтін белгі ғана емес, ең алдымен, халық танымының айғағы сол халықтың ең кастерлі ескерткіштерінің бірі ретінде өз көрінісін тапқан;</p> <p>7.1 дәлелденді, 7.2 тривиалды емес, 7.3 жана, 7.4 қолдану деңгейі кен, 7.5 ия;</p> <p>- Тесіктас, Қоңырәулие, Аюшат, Қызыләулие, Әлиетас, Айдаһарлы, Сырлы, Қара, Шағыр т.б. спелеонимдер (үнгір атаулары) қандай да бір ақиқат кеңістікте нақты бір уақыт (мезгілдік) шеңберінде қазақ топонимиясының таңбалық жүйесін қалыптастырушы этномәдени тілдік бірлік болып табылады;</p> <p>7.1 дәлелденді, 7.2 тривиалды емес, 7.3 жана, 7.4 қолдану деңгейі кен, 5 ия;</p> <p>- А.Сейдімбектің еңбектеріндегі халықтың этнотанымдық өмір тәжірибесінен, тұрмыс-тіршілік жайы мен қоғамдық өмірінен мағлұмат беретін Бетпақдала, Айғырұшқан, Тайатқан, Тізебүккен, Тізебүккен, Шажағай, Қоңыркүлжа, Сарыкүлжа, Майтөккен, Қатынақ, Етекжайған, Жауыртау, Тоқырауын-Жәміш, Қызылкеніш т.б. атаулардың халықтық этимологиясы бар, тарихи аңыздардың, этномәдени ақпараттың үзінгі сақтаған;</p> <p>7.1 дәлелденді, 7.2 тривиалды емес, 7.3 жана, 7.4 қолдану деңгейі кен, 7.5 ия;</p> <p>- қаламгер-ғалым қарастырған Домбауыл дыны, Жошы ханның мазары, Алаша хан мазары, Аяққамыр мазары, Токбақ (Асан) бақсының бейіті, Айдарлы бақсының бейіті, Қойлыбай бақсының ақ сұлы моласы, Ақмешіт әулие қорымы, Болған ана, Жұбан ана мазарлары, Едіге бидің бейіті, Бескүмбез бен Дүзен мазарлары т.б. некронимдер қазақ халқына тән қасиеттерін жинақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші маңызды этномәдени семантикасы бар тілдік құрал (элемент) болып танылады;</p> <p>7.1 дәлелденді, 7.2 тривиалды емес, 7.3 жана, 7.4 қолдану деңгейі кен, 7.5 ия;</p> <p>- А.Сейдімбек «уақыт пен кеңістік» межесіне ден қойғанда, көшпелі қазақтың таным-түсінігін тікелей өмірлік тәжірибесімен сабақтастыра отырып: экологиялық уақыт, ситуациялық уақыт, тарихи уақыт деп категориялауы этномәдени атаулардың жазушының тілдік тұлғасымен сабақтас екенін көрсетеді;</p> <p>7.1 дәлелденді, 7.2 тривиалды емес, 7.3 жана, 7.4 қолдану деңгейі кен, 7.5 ия;</p> <p>- «уақыт пен кеңістіктің» этномәдени тұрғыдан концептуалдануы, концептілік құрылымы түрлі ментальді болмысы тілдік сананың белгілі бір</p>	<p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең;</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>
--	--	---

			<p>коріндерін, дүниенің тілдік бейнесін сипаттайтын қазақ халқының рухани әлеміне қатысты топонимдер арқылы берілген;</p> <p>7.1 дәлелденді, 7.2 тривиалды емес, 7.3 жана, 7.4 қолдану деңгейі кең, 7.5 ия;</p> <p>- А. Сейдімбектің материалдық мәдениетке қатысты ғылыми еңбектері «тіл мен мәдениет» сабақтастығында қарастырылды, нәтижесінде атаулар астарынан халықтық терең дүниетаным, ұлттық сана мен парасат-пайым эстетикалық құндылықтар таңба ретінде танылады;</p> <p>7.1 дәлелденді, 7.2 тривиалды емес, 7.3 жана, 7.4 қолдану деңгейі кең, 7.5 ия;</p> <p>- қаламгер-ғалымның ұлттық рухани мәдениетті зерделеуі, халқымыздың моральдық-этикалық нормаларын жүйеге келтірген ойтолғамдары, парасат-пайымы, ұлт мәдениеті жайлы ұғымдары этнос өмірімен тығыз байланыстылығын, оның халық менталитетін тереңнен білетінін, түсінетіндігін айғақтайды;</p> <p>7.1 дәлелденді, 7.2 тривиалды емес, 7.3 жана, 7.4 қолдану деңгейі кең, 7.5 ия.</p> <p>Ғылыми жұмыстағы қағидағар 9 мақалада дәлелденген. Соның ішінде, 1 мақала Scopus ғылыми дерекқоры базасына кіретін басылымда, 2 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 4 мақала халықаралық конференция материалдар жинағында жарық көрген.</p> <p>7.1 дәлелденді; 7.2 тривиалды емес; 7.3 жана; 7.4 қолдану деңгейі кең; 7.5 мақалада дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Зерттеуде қолданылған әдістер дәйекті, дұрыс таңдалған. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне сай талдау барысында ғылыми сипаттама әдісі, салыстырмалы әдіс, концептуалдық әдіс, концептуалды метафоралық әдіспен қағар жаппай жинақтау, топтау, сұрыптау тәсілдері қолданылған. Аталған лингвокогнитивтік зерттеуде диссергант қолданған әдіс-тәсілдерді шартты түрде семантикалық-когнитивтік деп белгілей отырып, осы ағаумен зерттеудің негізгі бағыты – атаудың тілдік, этномәдени семантикасы мен ұлттық концептосферасының байланысын зерттеуді атап өткен. <p>Диссертацияда сызба түріндегі концептілік моделдеу тәсілі «Топонимиялық корпіістегі шеңберлі моделі» қолданылған.</p>

<p>Иә. Зерттеу нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану негізінде алынған.</p>	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p>	
<p>Иә. Барлық қорытынды, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Зерттеу жұмысындағы теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген. Диссертанттың өзіндік тұжырымдары нақты мысалдармен талдауға негізделген, тілдік материалдармен дәйектелген.</p>	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ</p>	
<p>Зерттеу жұмысында көрсетілген маңызды мәлімдемелер сенімді және нақты. Ғылыми әдебиеттер сілтемелермен расталған. Пайдаланылған әдебиеттер шетелдік және отандық зерттеушілердің монография, мақала, диссертациялық зерттеулері болып табылады.</p>	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	
<p>Диссертант зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми әдебиеттерді кеңінен қамтыған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі жеткілікті, жалпы саны 138. Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде отандық, ресейлік және шетелдік тілші ғалымдар мен тарихшы, этнографтардың еңбектері қамтылған. Мысалы, ономастика, лингвокогнитология саласы бойынша А.В.Суперанскаяның, В. Маслованың, А.Вежбицкаяның, Е.С.Кубрякованың, И.А.Стерниннің, Ә.Т.Қайдардың, Р.С.Сыздықтың, Т.Жанұзақтың, Ә.Марғұланың, С.Қондыбайдың және т.б. авторларды атауға болады.</p>	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	

9	Практикалық құндылық принципін	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелер ономастика, лексикологияның деректік-фактологиялық, теориялық базасын кеңейтуге үлес қосады, яғни теориялық маңызы жоғары. Доктораңт диссертациялық жұмысында қаламгер – ғалымның ғылыми деректерінің негізінде топонимика, этномәдени атаулар, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, танымдық семантика пәндеріне қатысты бірқатар айтарлықтай теориялық жанаалықтарға қол жеткізген. Өз кезегінде диссертациялық жұмыс келешекте атаалмыш салалардың теориялық негіздерін әрі қарай дамытып, тереңдете түсуіне өз дәрежесінде үлес қоса алады. Соңдай-ақ қазақ лингвомәдени танымындағы концептілік құрылымдарды моделдеу, әдіс-тәсілдерін жетілдіру сияқты мәселелер төңірегінде айтарлықтай ғылыми материалдар жинақтаған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар. Алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелері лингвомәдени концептосфераны құрылымдаумен қатар, практикалық бағытта концептілік құрылымдағы сөздіктер жасауға да қолдануға болады. Жұмыстың қолданбалы және теориялық тұжырымдарын жоғары оқу орындарында «Ақселеутану» пәнінен арнайы семинарда, сонымен қатар, топонимика, этномәдени атауларды оқытуда, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану салаларынан дәрістер оқуда пайдалануға болады және осы салаларды дамытуға септігін тигізеді деп есептейміз..
		9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады? 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)	Диссертациядағы практикалық ұсыныстар жана болып табылады, себебі Ақселеу Сейдімбектің шығармашылық және ғылыми еңбектерінің бедерлі тұстарын этномәдени атаулардың тілдік тұлғасымен сабақтастырып саралауға болады. Қаламгер-ғалым көрсеткен этномәдени атаулар алғаш рет рухани айналымға түскендігі, көшпелілердің этномәдениеті деген категориялық ұғымның орнығуына тегеурінді үлес қосқандығы қазақтың төл тарихына, фольклоры мен этнографиясына, дәстүрлі мәдениетіне қатысты мол деректер жинақталғандығы көрсетілген. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер ұлттық ономастика, фольклортану, лингвомәдениеттану, лингвоконцептология салаларын жана білімдермен толықтырады, А.Сейдімбековтың шығармашылығын тереңдетіп оқытуға үлес қосады, оқу процесінде қолдануға болады. Сондықтан практикалық ұсыныстары толығымен жана болып есептеледі

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың тілі мен стилі академиялық жазу талаптарын толық қанағаттандырады. Зерттеудің құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Зерттеушінің ой-тұжырымдары орныққан, іргелі ғылыми қағидаларға қайшы келмейді. Жұмыстың ғылыми мәнін бағалай келе, төмендегідей ұсыныс – ескертулеріміз бар:</p> <p>1. Сарыарқа қазақ мәдениетінің өзегінен орын алатын іргелі концептілік атау. Диссертант А.Сейдімбековтың Сарыарқа жөніндегі пайымдаулары турады «көркем мәтін шеңберінде эмоционалдық –эстетикалық түрде жүзеге асуы ғалымның тілдік санасының ерекшелігімен, халықтың ментальді дүниесі туралы мәдени-шаруашылық ақпараттар мен этноәлеуметтік құрылымы жайлы аялық білімінің мол болғанын аңғаруға болады», -деп өз ойын тұжырымдағаны дұрыс деп есептейміз. Сондай-ақ Б.Базарбеков тарихи деректер ретінде Х.Құрбанғалидің еңбегіне сүйенген және этимологиясын келтірген. Алайда Сарыарқа, Арқа елі халқымыздың этномәдени кеңістігінде бүкіл Қазақ елінің, Қазақ даласының, Қазақстанның синонимі ретінде қалыптасқандығын ескерген жөн. Сондықтан бұл макроконцептінің құрылымын ұлттық когнитивтік базада қалыптасқан білімдермен, ақпараттармен, деректермен толықтыра, аша түсу керек еді. Ерте кезден дәстүрлі жыраулардың толғаулары мен кейінгі дәуір қазақ акын, жазушылардың шығармаларындағы Сарыарқа концептісінің репрезентациясын салыстырмалы түрде көрсеткен артық болмас еді. Бұл жайтты диссертант кейінгі зерттеулерінде ескерер деп үміттенеміз.</p> <p>2. Диссертацияда біраз орографиялық, тыныс белгілік, стильдік қателер кездеседі, жөндеу қажет. Алайда бұл ұсыныстар мен ескертпелер диссертацияның мазмұны мен алынған нәтижелерге нұсқан келтірмейді деп санаймыз.</p>
12.	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми		Докторанттың диссертация мазмұны бойынша жарияланымдарының жалпы саны – жеті:

	<p>денгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>	<p>«Ұлттық мәдени кеңістіктегі ұлы даланың топонимдерінің прецеденттік сипаты» «QAZAQSTANҰ Республикалық ғылыми журнал.-Шымкент 2022ж. №1(13)03/2022;</p> <p>«А.Сейдімбек шығармаларындағы дүниенің (ғаламын) топонимиялық бейнесі» «Әуезов оқулары-20: Мұхтар Әуезов мұрасы – ұлт қазынасы» М.О.Әуезовтің 125-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектері. Шымкент, 2022 ж.;</p> <p>«А.Сейдімбек дүниетанымындағы «Ұлы дала кеңістігінің» концептілік парадигмасы» Филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Сайрамбаевтың 85 жылдығына арналған «Қазақ тілі грамматикасының қазіргі зерттеу парадигмалары және оқығудың инновациялық технологиялары» атты халықаралық-әдістемелік конференция материалдары Алматы, 8-9 сәуір, 2022 ж.;</p> <p>«Дүниенің (ғаламын) топонимиялық бейнесі (А.Сейдімбек шығармалары негізінде)» филология ғылымдарының докторы, профессор Телтожа Сейдінұлы Жанұзақтың 95 жасқа толған мерейтойына орай ұйымдастырылған «Ұлттық ономастика феномені: ел тарихы, жер тағдыры» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы. Алматы, 2022 ж.;</p> <p>«Қазақ топонимиялық концептілердің аңыз әңгімелеріндегі кумулятивтік қызметі» «Әуезов оқулары -21: Жаңа Қазақстан – Еліміздің болашағы» М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 80 жылдығына арналған арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектері – Шымкент: М. Әуезов ат. ОҚУ, 1 том. - 2023 ж.;</p> <p>«А.Сейдімбек еңбектеріндегі моральдық-этикалық қалыптардың репрезенттелу ерекшеліктері» А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы.–2024.–№1. (93) doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-98-108;</p> <p>«Exploring the Linguistic and Conceptual Landscape: The Case of the Toponym 'Saryarka' in Kazakh Cultural Discourse» <i>International Journal of Society, Culture and Language</i> March 2024. 12.(1)pp353-361 DOI: 10.22034/ijscsl.2024.2018478.3310;</p> <p>«А.Сейдімбек шығармаларындағы спелеонимдердің мифонимиялық және фольклорлық бейнесі» Ясауи университетінің ХАБАРШЫ(СЫ) ғылыми журналы №2 (132), 2024 – (130-139б.)//doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.49.</p>
--	--	--

			<p>Жарияланған барлық ғылыми макалалардың мазмұны диссертациялық зерттеудің тақырыбымен тікелей байланысты.</p>
<p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>		<p>Базарбеков Бакберди Мураталиевичтің «8D02310 – Филология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Қазақ топонимдері мен этномәдени атауларының когнитивтік сипаты» (Акселеу Сейдімбек шығармалары бойынша) атты тақырыпта дайындаған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына сәйкес орындалған.</p> <p>Базарбеков Бакберди Мураталиевичтің «8D02310 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.</p>	

Ресми рецензент:

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
 Ономастика бөлімінің бас  
 ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., доцент



Рысбергелік.К.К.

(аты-жөні)

қолын қуғандырамын  
 «А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты» РМҚК Персоналды басқару, құжаттамамен қамтамасыз өту және бақылау бөлімі

«13»

2024 ж.